

ISSN (Print) 2616-678X
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

BULLETIN

of the L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**
PHILOLOGY Series

№4(125)/2018

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Астана, 2018

Astana, 2018

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Редакция алқасы

Аскер оғлы Рамиз	Ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	Ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	Ф.ғ.д. проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	Ф.ғ.к., (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассос. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	Ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	Ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	Ф.ғ.д. проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	Ф.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қ.Сәтпаев к-сі, 2, 408 б.

Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: Илияс Құрманғалиев

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Меншіктенуші: ҚР БЖҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК
ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.
Мерзімділігі: жылына 4 рет.
Тиражы: 35 дана
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 12/1, тел.: (7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief **Dihan Kamzabekuly**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial board

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology, (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satpayev str., of. 408, Astana, Kazakhstan, 010008
Tel.: (7172) 709-500 (ext. 31-413)
E-mail: vest_phil@enu.kz

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: (7172) 709-500 (ext.31413)

© L.N. Gumilyov Eurasian National University

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Редакционная коллегия

Аскероглы Рамиз	д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Акматалиев Абдылдажан	д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	к.ф.н., (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассос. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	к.ф.н., и.о. доцент (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, каб. 408

Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Ответственный редактор, компьютерная верстка: Ильяс Курмангалиев

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: (7172)709-500 (вн.31413)

© **Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева**

Мазмұны

<i>Аймұхамбет Ж.Ә., Мақаш Л.</i> Атилла туралы аңыздаулар	8
<i>Амангелді А.А., Тилеужан Д.М.</i> Лиро-эпостық жырлардағы жылқыға қатысты заттық мәдениет лексикасының берілуі	15
<i>Байбатырова А.А.</i> Ағылшын тілінде жазылған ғылыми мақаланың макро-құрылымының когнитивтік және прагматикалық моделі	25
<i>Бейсембаева Г.З., Калибасова А.К.</i> Гендерлік лингвистикадағы эмоцияны айқындайтын лексика (ағылшын және қазақ тілдері негізінде)	42
<i>Бейсембаева Ж.А., Барямова Р.К.</i> Техникалық дағдылар және ағылшын тілі оқытушыларының онлайн оқыту дайындығы	50
<i>Бижкенова А.Е.</i> Қазіргі қазақ тіліндегі туынды модельдеу	62
<i>Дәулетбекова Ж.Т., Юсуп П.Қ.</i> Білім беру үдерісінде филолог-студенттердің интеллектуалдық құзіреттілігін қалыптастырудың психологиялық негіздері	70
<i>Дихан Қамзабекұлы</i> Алаштың «23 жоқтауы» - азаттықты жоқтау рәмізі	77
<i>Жусупова Р.Ф., Ниязова А.Е., Абдуова Б.С.</i> Кәсіби бағдарлы тілдік тұлғаны қалыптастырудың мультилингвалды сипаты	86
<i>Зейнулина А.Ф., Ибраева А.Т.</i> Ұлы Дала фольклорындағы Арқалық батыр бейнесі	94
<i>Мұхтарова С.С.</i> Қазақ баламасыз лексикасын жеткізу жолдары (І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы негізінде)	102
<i>Сыздықова Г.О.</i> «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырындағы сапалық сын есімдердің семантикасы	108
<i>Таңжарықова А.В., Юсуп А.Н.</i> Қазіргі қазақ поэзиясындағы киелі жердің мифопоэтикалық бейнесі	115
<i>Тұрысбек Р.С., Мәтібаева Э.Қ.</i> Шағын жанрдың көркемдік әлемі (Д. Досжан әңгімелері бойынша)	121
<i>Өтебалиева Г.Е., Қасқабасова Қ.С.</i> Ана тілі деңгейінде үйренуге арналған көпдеңгейлі тіл білімі	129
<i>Шокабаева С.С.</i> Қазіргі қазақ тіліндегі «ақ» сөзінің сөзжасамдық әлеуеті	136
<i>Жазбадерек. Сәтенова С.К.</i> Рухани жаңғырумен үндес іргелі ғылыми еңбек	145

Contents

<i>Aimukhambet Zh.A., Makash L.</i> Legends about Attila	8
<i>Amangeldy A.A., Tilozen D.M.</i> Reflections of material and cultural vocabulary associated with the horse in lyric-epic works	15
<i>Baibatyrova A.A.</i> Cognitive-Pragmatic Model of Macrostructure of Research Articles Written in English	25
<i>Beisembayeva G.Z., Kalibasova A.K.</i> Gender aspect of the emotion expression in English and Kazakh languages	42
<i>Beisembayeva Zh.A., Baryamova R.K.</i> Technical Skills and Readiness of English Language teachers in Kazakhstan to teach online	50
<i>Bizhkenova A.E.</i> Modern modeling of the Kazakh Language	62
<i>Dauletbekova Zh.T., Yusup P.K.</i> Psychological Basis of the Formation of Philologists-Students' Intellectual Competence in the Literary Educational Process	70
<i>Dihan Kamzabekuly</i> «23 Zhoktau» of Alash – a Symbol of Zhoktau for Freedom	77
<i>Zhusupova R.F., Niyazova A.E., Abduova B.S.</i> Formation of professionally oriented linguistic identity multilingual character	86
<i>Zeinulina A.F., Ibrayeva A.T.</i> Character of Arkalyk Batyr in the Great Steppe Folklore	94
<i>Mukhtarova S.S.</i> To translation problems of Kazakh non-equivalent vocabulary (on the materials of I. Esenberlin trilogy “Nomads”)	102
<i>Syzykova G.O.</i> Semantics of qualitative adjectives in the work «Kozy Korpesh-Bayan Sulu»	108
<i>Tanharykova A.V., Yusup A.N.</i> Mythological and technical foundations of sacred places in modern Kazakh poetry	115
<i>Turysbek R.S., Matibayeva E.K.</i> Small genre and artistic world (On creativity D.Doszhans)	121
<i>Utebaliyeva G.E., Kaskabassova Kh.S.</i> Multi-level language proficiency in learning a non-native language	129
<i>Shokabayeva S.S.</i> Word-formulative Potential of the Word «ақ» in the Modern Kazakh Language	136
Chronicle. <i>Satenova S.K.</i> Fundamental scientific work in the light of spiritual rebirth of society	145

Содержание

<i>Аймухамбет Ж.А., Макаш Л.</i> Легенды об Аттиле	8
<i>Амангельды А.А., Тилеужан Д.М.</i> Отражения материально-культурной лексики, применяемые к лошади в лиро-эпических произведениях	15
<i>Байбатырова А.А.</i> Когнитивно-прагматическая модель макроструктуры англоязычной научной статьи	25
<i>Бейсембаева Г.З., Калибасова А.К.</i> Гендерный аспект выражении эмоции в английском и казахских языках	42
<i>Бейсембаева Ж.А., Барямова Р.К.</i> Технические навыки и готовность учителей английского языка обучать онлайн	50
<i>Бижкенова А.Е.</i> Моделирование дериватов в современном казахском языке	62
<i>Даулетбекова Ж.Т., Юсуп П.К.</i> Психологические основы формирования интеллектуальной компетентности филологов-студентов в литературном образовательном процессе	70
<i>Дихан Камзабекулы</i> «23 жоктау» Алаша – символ жоктау по свободе	77
<i>Жусупова Р.Ф., Ниязова А.Е., Абдуова Б.С.</i> Формирование профессионально-ориентированной языковой идентичности в мультилингвальной среде	86
<i>Зейнулина А.Ф., Ибраева А.Т.</i> Образ Аркалык батыра в фольклоре Великой Степи	94
<i>Мухтарова С.С.</i> Особенности перевода казахской безэквивалентной лексики (на материале трилогии И. Есенберлина «Кочевники»)	102
<i>Сыздыкова Г.О.</i> Семантика качественных прилагательных в произведении «Козы Корпеш-Баян сулу»	108
<i>Танжарыкова А.В., Юсуп А.Н.</i> Мифопоэтические мотивы сакральных мест в современной казахской поэзии	115
<i>Турысбек Р.С., Матибаева Э.К.</i> Художественный мир малого жанра (По творчеству Д. Досжана)	121
<i>Утебалиева Г.Е., Каскабасова Х.С.</i> Разноуровневое владение языком при обучении неродному языку	129
<i>Шокабаева С.С.</i> Словообразовательный потенциал слова «ак» в современном казахском языке	136
<i>Хроника. Сатенова С.К.</i> Фундаментальный научный труд в свете духовного возрождения общества	145

7 Quran-kareem. Qazaqcha magynasy jane tusionigi / audargan X. Altai [The Kazakh meaning and notion / translated by H. Altai]. (Eki haramnyn kyzmetkeri Fahd patshanyn Quran sharif basym kombinaty, hijri 1412, miladi 1991, 665 p.). [In Kazakh]

8 Kara olen / kurastyrg. O. Askar [Black verse / compiled by O. Askar]. (Zhalyn, Almaty, 1997, 640 p.). [In Kazakh]

Автор туралы мәлімет:

Қамзабекұлы Дихан – филология ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің проректоры, ҚР ҰҒА академигі.

Dikhan Kamzabekuly - Doctor of Philology, Academician of NAS RK., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

FTAMP 17.71.07

Р.Ф. Жусупова¹, А.Е. Ниязова², Б.С. Абдуова³

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: ¹rozazhusupova@rambler.ru, ²naigul73@mail.ru, ³bayan1968@mail.ru)

Кәсіби бағдарлы тілдік тұлғаны қалыптастырудың мультилингвалды сипаты

Аңдатпа. Қазіргі білім беру жүйесінде заман талаптарына, озық парадигма өлшемдеріне жауап бере алатын жаңа теориялық үрдістерді жасау қажеттілігі анық байқалып отыр. Кәсіби тілдік құзіреттілікке лайықты болашақ мамандарды дайындау саласында көптілділік білім принциптерін қолдану жолдарын дамыту және жетілдіру аса маңызды мәселеге айналып отыр. Осы мақсатқа орай жаңа типтегі кәсіби тілдік тұлғаны лингвоәдістемелік моделдеу үлгісін жоғары оқу орындарында енгізу күн тәртібінен орын алуда. Студенттердің этникалық өзіндік идентификациясын бұзбай бір тілдік кодтан екіншіге тез өтудегі ана тілінде, орыс (қазақ) тілдерінде және ағылшын тілінде тілдік және сөйлеу жетістіктерін есепке алу басқа тілдік лингвомәдениетті кәсіби деңгейде меңгерген тілдік тұлға қалыптастыруға жеткізеді.

Түйін сөздер: тілдік тұлға, көптілді білім беру, лингвоәдістемелік моделдеу, тілдік код, кәсіби бағдарлы тұлға.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2018-125-4-86-93>

Кіріспе. Қазақстанның оқу дискурсы полилингвоменталдық кеңістігінде жаңа типтегі кәсіби тілдік тұлғаның қалыптасуы үш тілділік жағдайында қазіргі заманғы бәсекелестікке қауқарлы маманды дайындаудағы тіл саясатының нәтижесі ретіндегі объективті процесс болып табылады. Қазіргі заманғы білім парадигмасының талаптарына жауап бере алатын жаңа теориялық үрдістерді жасау қажеттілігі туындайды. Кәсіби құзіреттілікке болашақ мамандарды дайындау саласында көптілділік білім принциптерін қолдану жолдарын дамыту және жетілдіру керек, оларда мәдени құзіреттіліктің қалыптасуына қол жеткізу қажет. Жаңа типтегі кәсіби тілдік тұлғаны лингвоәдістемелік моделдеу студенттердің этникалық

өзіндік идентификациясын бұзбай бір тілдік кодтан екіншіге тез өтудегі ана тілінде, орыс (қазақ) және ағылшын тілдерінде жазба және сөйлеу жетістіктерін есепке алуды білдіреді. Басқа тілдік лингвомәдениетті кәсіби деңгейде меңгерген тілдік тұлға болып табылады.

Нақты жағдай маманға қажеттілік пен олардың кәсіби-бағдарланған мәдениаралық ынтымақтастыққа дайындық деңгейінің арасындағы сәйкессіздікті көрсетіп отырғанын айта кету керек. Кәсіби тілдік мультилингвалдық тұлғаға қызығушылық халықаралық, этникааралық, тұлғааралық, тіларалық байланыстардың қазіргі заманғы әлеуметтік жағдайдың кеңеюімен және мәдениаралық коммуникациялардың теориясы мен практикасын жасау, кәсіби тілдік тұлға құзіреттілігінің деңгейі мен компоненттері туралы лингвистикалық көрсетілім жүйесін құру қажеттілігімен талап етіледі. Қазіргі кезде еңбек нарығында тек өнімді жұмыс істейтін, өзін және өзінің жетістіктерін дұрыс бағалай алатын жоғары оқу орындарының түлектері ғана емес, сонымен бірге көптілділік құзыреттілік жағдайында тиімді қарым-қатынас орната алатындар да сұранысқа ие, дегенмен жоғары оқу орындарында бұл талап деңгейінен шығатын психологиялық-педагогикалық және әдістемелік тұжырымдар жоқ. Білім жүйесінің алдында осы күрделі нақты жағдайға бейімделу мен білім алушының сұранысын ескере отырып, олардың әлеуметтік, мәдени және саяси талаптармен сәйкестігін қолдау арқылы сапалы біліммен қамтамасыз ету мақсаты тұр.

Осыған байланысты алға қойған мақсатқа жету үшін біз осы мақаламызда жоғары мектептегі білім беру жүйесінің интеграциясы аясында бірыңғай тілдік кеңістікке кешенді сараптама жасауды көздейміз.

Зерттеудің ғылыми проблемаларының өзектілігі, біріншіден, жиі өзгеріп тұратын еңбек нарығының кәсіби қызметінің әр түрлі салалары үшін көптілді мамандарға бағытталған қоғамның әлеуметтік қажеттіліктеріне негізделген. Екіншіден, ҚР білім жүйесін жаңғырту жағдайында қолданылатын әдістемелерді теориялық негіздеу мен практикалық түрде қолдану проблемасы өзекті болып табылады. Үшіншіден, білім сапасын бағалау критерийлері мен оқуға пәнаралық қадамды анықтау үшін кәсіби тілдік компетенциялардың қалыптасқандығы критерийлерін табу. Төртіншіден, бұл тілдік емес мамандықтарға көптілді оқытуға біртұтас концепцияның жоқтығына байланысты, бұл көптілдіктің жоғары мектептегі педагогика мен тілдерді оқытудың әдістерінің дидактикалық негіздерін, лингвистика, психология, әлеуметтік лингвистика салаларындағы қазіргі заманғы зерттеулердің нәтижелерін іске асырады.

Зерттеу әдістері. Зерттеу барысында жалпы ғылыми, лингвистикалық және лингводидактикалық әдістер қолданылады:

- фактілерді іріктеудегі бақылау әдісі, зерттелетін нысанға тән белгілерді қалыптастыру, кәсіби көптілділікке бағытталған кеңістіктегі түрлі тілдік жағдаяттар мен тенденциялардың дамуын сипаттау.
- көплингвалды материалдар негізіндегі кәсіби, жас ерекшеліктері, жыныстық, әлеуметтік-топтық, білім сипаттамалары бойынша әлеуметтік-дифференциалды сараптама әдісі.
- сыни тұрғыдағы дискурс-анализ жүйелілік әдістемесі мен кәсіби тұлғалық-уәждемелік, нақты еңбек қажеттілігі арасындағы байланыстарды қалыптастыру бағытын көздейді.

Шетелдік әдіскерлер еңбектерін зерттеу. Кәсіби бағытталған әдістемелік оқыту базасы Еуропада танымал әдіскерлер Т. Хэткинсон, А. Вотерс, Х. Баскуртмен, Дадли-Эванс, С. Джон зерттеулерінің нәтижесінде жүйеленген. Дадли-Эванс және С. Джон арнайы мақсатқа бағытталған ағылшын тілі білім алушының орталықтандырылған оқытылуы мен олардың ерекше лингвистикалық және лингвистикалық емес қажеттілігін ескере отырып жүзеге асуы тиіс деп атап өткен [1, 22-25].

Шетелдік әдіскерлер кәсіби-бағытталған оқыту дегенді қажеттілікті ескеріп, студенттің болашақ кәсібіне немесе мамандығына қажетті шетел тілін оқудағы ерекше мұқтаждығын қанағаттандыру деп санайды [2], [3]. Бұл кәсіби шетел тілін білім алушының жеке

тұлғалық сапасын дамытумен байланыстара отырып меңгерту, сол тілде сөйлейтін мемлекеттің мәдениетін білу және кәсіби, лингвистикалық білімдерге негізделген арнайы дағдыларды игеру деген сөз.

Шетел тілін кәсіби-бағытталған оқыту теориясын жасауда П.И. Образцов және О.Ю. Ивановалар айтарлықтай үлес қосты. Олар тілдік емес жоғары оқу орындарында шетел тілін оқытудағы кәсіби бағытталған оқу материалдарын жүргізу үдерісін негіздеді [4]. Авторлар шет тілін оқу тілдің жүйесі мен құрылымын білу емес, өз білімін жетілдіру, таңдаған мамандық саласын игеру үшін қажет болуы тиіс дейді. Кәсіби мамандықтағы тіл ерекшелігі олардың көзқарастары бойынша, мынадай бағыттарда жүргізілуі тиіс: арнайы мәтіндермен жұмыс, ауызша сөйлеуді дамыту бойынша дайындалған арнайы тақырыптарды оқып меңгеру, мамандыққа сәйкес келетін сөздік-минимумды игеру, оқытушылардың білім алушылар үшін арнайы дайындаған грамматикалық және лексикалық материалдарының жеткілікті болуы.

Кәсіби-бағытталған оқыту оқу материалдарына кәсіби сипаттағы мәтіндерді берумен шектелмеуі тиіс, сонымен қатар кәсіби дағдыны қалыптастыратын түрлі әдістер мен тәсілдер, іскерлік дағдыларды да қамтуы тиіс. Іс-әрекетке бағытталған кәсіби дағды біріншіден, бейіндік пән бойынша «шет тілі» пәнін интеграциялауды қажет етеді. Екіншіден, оқытушылар алдында шетел тілін болашақ маманға өз кәсібінің шебері болуы үшін пәнаралық байланыс ретінде оқытуы керек, олар кәсіби біліктілігі мен дағдыларға төселуі тиіс деген міндет қойылғаны жөн. Үшіншіден, оқытушылар болашақ белгілі бір кәсіп иелерінің сол сала бойынша тілдік дағдысын қалыптастыратын оқытудың түрі мен тәсілдерін дұрыс қолдануы абзал. Техникалық жоғары оқу орындарындағы оқытылатын шетел тілдері кәсіби бағытталған сала бойынша ерекше маңыздылыққа ие болуы керек, себебі студенттер шет тілді қарым-қатынас жасау дағдысын нақты кәсіби, іскери, ғылыми салаларда дамыта отырып, кәсіби ойлау біліктілігін меңгеруге қол жеткізе алуы тиіс [4].

Қазіргі уақыттағы шет тілдерін кәсіби-бағытталған оқыту жүйесі білім алушылардың шет тілді қарым-қатынас жасау дағдысын нақты кәсіби, іскери, ғылыми салаларда дамыта отырып, кәсіби ойлау біліктілігін уәждемелік-негіздемелік сипатты меңгерту мен бағытты-зерттеу әрекеттерін игертуді қалыптастыруды көздейді. Мамандарды дайындау олардың бойында түрлі тілдік кәсіби құзіреттілік, кәсіби салада қарым-қатынасқа түсу, әртүрлі жағдаяттарда шет тілдерінде еркін қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру болуы қажет.

Осыдан олардың жалпы тіл үйрену мен нақты әлеуметтік жағдайдағы тілдік қатынасының айырмашылығы анық көрінеді. Дегенмен, кәсіби-бағытталған оқыту жүйесі техникалық жоғары оқу орындарында «арнайы мақсаттағы тіл» оқыту деген сипатта қалмауы жөн (for specific purposes) [5].

Егер тілдік жоғары оқу орындарында шетел тілі арнайы база болып саналса, тілдік емес жоғары оқу орындарында бұл – жалпы мәдениетке дағдыландыру, сондықтан тілді үйренудің негізгі себебі нақтылықты қажет етеді. Шет тілін практикалық тұрғыда меңгеру кәсіби-бағытталған оқудағы пәннің бір қыры ғана болып қалады.

Болашақ мамандарды «шет тіліне кәсіби-бағытталған білім беру жаңаша оқыту жүйесі мен мазмұнға қатысты сұрыптауларды қажет етеді» [6] деген пікір өзектілігін жоймақ емес. Сондықтан қажетті тақырыптарды жүйелеп, іріктеуде адам іс-әрекетіндегі соңғы жаңалықтар мен жетістіктерді қамтитын деңгейде болумен қатар, түрлі саланың ғылыми жетістіктерді дер кезінде хабардар ететін, білім алушылардың кәсіби қызығушылығын туындататын, бұл кәсіби тұрғыда өсуіне мүмкіндік жасайтын мазмұнда құрылуы абзал.

Қазақстандық әдіскерлер еңбектерін зерттеу. Қазақстандық білім жүйесіндегі мультилингвалдық оқытудың теориясы мен практикасын сыни тұрғыда талдайтын, сонымен қатар көпмәдениетті оқыту үлгісінің концептуалды негіздерін салыстыратын, ағылшын тілін оқытудағы ұлттық стандарттар мен оқу бағдарламалары, олардың білім алушылардың кәсі-

би бейімділігіне сәйкестігі жөніндегі зерттеу нәтижелері көптеген отандық ғалымдардың еңбегінде көрсетілген. Мысалы: С.С. Құнанбаева кәсіби білім беру және білім беру бағдарламаларын қабылдау үшін алдын-ала сараптама жұмыстары мен келісімге ынталану болуы тиіс деп есептейді. «Білім беру мақсатына арналған бірыңғай кәсіби базалық құрылымда кәсіби маңызды контенттердің мазмұнын қалыптастыратын және бақылау тапсырмаларын дайындайтын, мамандарды дайындауда сапалы білімге ие ететін арнайы жүйе болуы тиіс» [7, 19] дей отырып, тілді меңгеруге қатысты негізгі басшылыққа алынатын талаптарды жүйелеу ұтымды болатынын ескертеді.

Маман моделін қалыптастыруда ең қажетті ұстанымдар: мемлекеттік стандарттарға баса мән беру және біліктілік талаптарын орындау, мамандарды даярлаудың әлемдік қалыптасқан нормативтерін басшылыққа алу, социум талаптарын ескере отырып кәсіби қауымдастықты бизнес, экономика, өндіріс дамуымен байланысты жетіліп отыратын мамандарды дайындауға бағыттау қажет. С.С.Құнанбаева «ЖОО бітірушісінің кәсіби дайындығы» деген түсінік қалыптастыруды ұсынады, онда тұлғаның қалыпты емес жағдайларда әрекет ету біліктілігі, айқын конструктивті шешім қабылдауда белсенділігі интегралды тұрғыда көрініс табады. Сонымен қатар, С.С.Құнанбаева өзінің «Шет тілдік білім берудегі кәсіби құзиреттілік моделдері» атты еңбегінде шетел тіліндегі білім берудің құзиреттілік мазмұнын саралау мен құрылымдау принциптеріне анықтама береді [8, 3].

Жоғарыда айтылған ғылыми аспектілер Д.Н.Кулибаеваның еңбектерінде қысқаша мазмұнда көрініс тапқан, онда зерттеуші шет тілін оқытудағы әлемдік қалыптасқан жүйе негізіндегі концептуалды-ыңғайлы негіздемелерді дайындауды ұсынады. Бұл жүйе Қазақстанның халықаралық мектептерінде қолданысқа ие, бұл дегеніміз ұлттық стандарттарға сәйкес шет тілдерін меңгеруге оң ықпал етеді, жалпы оқу бағдарламасын реттестіруге, соның нәтижесінде университетке түсуге оңтайлы мүмкіндік туады, халықаралық деңгейде білім жетілдіруге, Еуропа университеттері мойындайтын деңгейдегі қазақстандық студенттер үшін шетел тілдерінің оқу бағдарламаларына жан-жақты жоспар дайындауға мүмкіндік береді.

Шетел тілдерін оқытудың технологиясын құрылымдау және тестілеу туралы ұсыныстар халықаралық стильдегі шет тілдерін оқытуға арналған сыни-инновациялық үлгілерді қолдану негізінде мынадай ғылыми-практикалық нәтижелерге жетелейді:

- шет тілін интеграция негізінде оқыту үлгісі «шет тілдерін игерудің халықаралық стандарт деңгейлеріне арналған рационалды үлгілер» моделін қалыптастырды, бұл тілдік команданың төрт кезеңін көрсетеді;

- шетел тілін оқып үйренудегі «рационалды үлгілер» арқылы технологияларды пайдалану туралы мақаладағы ұсыныс кәсіби-бағытталған оқу бағдарламаларында көрініс тапты, бұлар халықаралық мектептердегі шетел тілдерін оқытуға арналған білім беру мақсатынан туындайды;

- кәсіби-бағытталған диверсификалы бағдарлама жүйесі мен технологиясы құрылды, бұнда студенттерге қолжетімді кәсіби бағдарламаның төрт нұсқасы қарастырылған.

Оқытудың ғылыми-негізделген жүйесі шет тілдерінде қарым-қатынас жасаудың халықаралық стандартталған дағдыларға бағытталады. Бұлар:

- 1) Шетел тілінің кәсіби-негізделген контентін мазмұндайтын төртбаспалдақты игеру моделі.
- 2) Құзиреттілік кешенінің диверсифиялы жүйесі, соның ішінде оқу материалдарын ұйымдастыру бағытында қалыптасқан «мәтіндік-тақырыптық бірліктер» (МТБ)
- 3) «Коммуникативті дағдылардың» әмбебап нормативтік нақты анықталған үлгілері, мұнда әр үлгілердің дамуы модельдің әртүрлі кезеңдерінде қатаң түрде бөлініп отырады. «Мәдениетаралық коммуникативтік құзиреттіліктің» қалыптасуы – оқу жүйесіндегі соңғы білім беру мақсаты болып табылады. Д.Н.Кулибаеваның ойынша, табыс модельдің кезеңдерінде бірқатар жаттығулар мен коммуникативті міндеттерді толықтай меңгергенде келеді, ұсыны-

латын оқыту әдістемесі оқу жүйесінде «рационалды модель» деп аталатын үлгіні сынақтан өткізгенде Алматы қаласындағы халықаралық «Мирас» мектебінің 2000-2002 жылдары оқыту жүйесіне қатысқан студенттердің нәтижелерінен көрініс тапты [9].

Б.А. Жетпісбаева да әртүрлі профильдегі мамандардың көптілді білім алуы ерекше маңызға ие деп атап өтеді. Яғни осындай білім берудің индикаторын оның болжалды нәтижесіне сәйкес келетіндей бағытта дайындау қажет. Ондай нәтиже көптілді тұлғаның қалыптасуынан көрінеді. Көптілді тұлға құрылымын анықтай отырып, біз ғылымдағы тілдік және екінші тілдік тұлға концептілеріне негізделген оқыту жүйесіне мән береміз. Біріншісі бойынша адамның қабілеті мен сипатын түсінсек, яғни мұнда оның тілдің құрылымдық оралымдардың күрделілігіне қарай деңгейлері, нақты бір бағытқа мақсатты түрде терең және дәл келетін мәтіндерді құра білуі мен оны ауызекі сөйлеу мен тілдесім дағдыларында қолданылуы ескеріледі. Екінші концепт адамның мәдениетаралық деңгейде қарым-қатынас жасаудағы қабілеттілігімен байланысты. Бұл қабілеттілік оқытылатын тілдің вербалды-семантикалық кодын меңгерумен қатар жүреді, яғни осы тілде сөйлейтін халықтың «әлемнің тілдік бейнесі» мен «әлемнің жаһандық бейнесін» түсініп, толық меңгерген адамның қабілетімен байланысты [10].

Біздің бұл жағдайымызда әңгіме көптілділік туралы (жай ғана тілдік және шет тілдері туралы емес) болғандықтан, нақты бір лингвоәлеуметтік жағдайдағы бірнеше тілдік қатынас туралы екендігін ескерген жөн. Сонда бұл мәселенің этникалық жақтары туралы сауалдар туындайды, себебі тең дәрежедегі монолингвалды және полилингвалды тілдік қатынастардың қатар көрініс табуы қоғамда бар жағдайлар екендігі даусыз. Сондықтан көптілділік тұлға концептісін дайындауда біз көпмәдениетті тұлға, этномәдениет субъектісі, этнос субъектісі секілді түсініктерден аттап кете алмаймыз, бұнда бірінші айтылған тұлға ол – өз мәдениеті арқылы басқа мәдениеттерді танып білетін индивид, өз мәдениетін терең білуі үшін басқа мәдениеттерге қызығушылық болып саналады, ал көпшілікпен танысып білісу – рухани баю және даму негіздері болады; ал екінші түсінік этникалық, мәдени, этно-әлеуметтік-рөлдік және жеке азаматтық қасиеттердің өзара бірлестігінен көрінеді; ал үшінші түсінік тілдің белсенді қолданушысы, яғни ол жалпыадамдық диалектикалық бірлестікте этноәлеуметтік құндылықтарды негіздеуші және таратушы тұлға дегенді білдіреді. «Бәсекеге қабілеттіліктің ғаламдық индексі иемденген озық 10 елде көптілділік жақсы дамыған. Солардың сегізіндегі негізгі тіл – ағылшын тілі. Еуро-палықтардың 54 пайызы кем дегенде бір шет тілінде, 25 пайызы 2, ал 10 пайызы 3 шет тілінде сөйлейді екен. «English First» халықаралық рейтингі халқы ағылшын тілін жақсы меңгерген елдерде тұрғындардың жан басына шаққандағы табысы жоғары, жастардың жұмыссыздығы аз, адами капитал деңгейі биік, бизнес-климаттың жақсы екендігі анықталып отыр» [11] деген пікірге назар аударып қарайтын болсақ, кәсіби тілдік бағдарлы маманды дайындаудың көптеген артықшылықтары бар.

Әдебиеттерді сараптау нәтижелері тұлғаның өз бойында когнитивті, аффективті және мінез-құлық компоненттері бар жеке адамдық теорияның пайда болуын көрсететін жұмыстар екендігі айқындалды. Көптілді тұлға өзінің қалыптасу және даму кезеңдерінде әлеуметтік, мәдени, тілдік идентификация кезеңдерінен өтеді және осы компоненттердің барлық құрылымдары бойынан табылады.

Нәтижелер. Осылайша, қазақстандық және ресейлік әдіскерлердің назарлары құзыреттілік сипатына аударылғандығын байқаймыз, сонымен қатар белгілі бір кәсіби міндеттерді шеше алатын тұлғаның интегралды сипаттамасын білдіретін «жоғары оқу орнын бітірушінің кәсіби дайындығы» түсінігін енгізу ұсынылады. Бұларға қоса концептуалды-негізделген базалық шешімді шетел тілін оқыту жүйесіндегі халықаралық оңтайлы талдамалар негізінде қалыптастыру мәселесі көзделіп отыр. Бұл мәселеде еуропа әдіскерлерінің жұмыстары біршама практикалық сипатқа ие екендігі белгілі. Олар болашақ маманның әртүрлі кәсіп

саласындағы тілдік біліктілігін қазіргі көзқарас тұрғысынан қарастыратын зерттеулерді ұсынады. Оқу материалдарын, оқу бағдарламалары мен оқу үдерісін жетілдіретін бағытта түрлі жұмыстар жүргізілуде.

Қорытынды. Белгілі қазақстандық, еуропалық және ресейлік әдіскерлердің еңбектеріне сараптамалық шолу жасай келе, мынадай қорытынды жасауға болады: кәсіби-бағытталған оқыту мәселесі болған және бір-біріне ұқсамайтын, сонымен қоса алдыңғы қатардағы тәжірибелерге ие түрлі елдерді зерттеушілер үшін әлі де өзекті болып қала бермек. Бірнеше тілді меңгерген жастардың бәсекеге қабілеттілігі артатыны белгілі. Халықаралық қатынас тілі ретінде ағылшын тілін білу, еліміздің мемлекеттік тілі мен орыс тілін жетік меңгерген жастар еңбек нарығында үлкен сұранысқа ие болары анық. Бұл мәселені шешу бағытында түрлі құрамдас аспектілер мұқият зерттелу кезеңінде. Зерттеу тараулары көптілді білім беру мәселесін қарастырады, мектеп базасы мен университеттерде көптілділік бағытында жұмыстар атқарылу қажеттілігін ескереді, негізгі нормативті құжаттар, оқу материалдары ғалымдардың қазіргі әдістемелік шешімдері мен олардың нұсқаулық ұсыныстарына қатысты дайындалу жағын көздейді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Образцов П.И., Иванова О.Ю. Профессионально-ориентированное обучение иностранному языку на неязыковых факультетах: учебное пособие. / П.И. Образцов, О.Ю. Иванова - Москва: 2005. – 114 с.
- 2 Chmel V.V. Teaching professionally oriented reading at technical universities // Вісник. № 6. – 2015. – 96-99 с.
- 3 Еремеева Г.Р., Баранова А.Р., Мефодьева М.А. Профессионально-ориентированное обучение английскому языку студентов неязыковых специальностей / Г.Р. Еремеева, А.Р. Баранова, М.А. Мефодьева // Казанский педагогический журнал, №2. 2016. – 339-342 с.
- 4 Choudhary Z.J. English for specific purposes: role of learners, teachers and teaching methodologies // European Scientific Journal. № 20. – 2016 – P. 17-30.
- 5 Hutchinson T., Waters A. English for specific purposes: a learning centered approach. – Cambridge, 1991. – 183 p.
- 6 Baskurtmen H. Ideas and options in English for specific purposes. – London, 2006. – 175 p.
- 7 Кунанбаева С.С. Стратегические ориентиры высшего иноязычного образования. / С.С. Кунанбаева - Алматы, 2015. – 208 с.
- 8 Кунанбаева С.С. Компетентностное моделирование профессионального иноязычного образования. / С.С. Кунанбаева - Алматы, 2014. – 214 с.
- 9 Кулибаева Д.Н. Методика формирования международно-стандартных уровней владения иностранным языком в условиях школ международного типа. / Д.Н. Кулибаева - Алматы, 2002. – 227 с.
- 10 Жетписбаева Б.А. Педагогические индикаторы полиязычного образования. / Б.А. Жетписбаева - Караганда, 2011. - 187 с.
- 11 Қасым Назар. Үштілділік не үшін қажет? / Егемен Қазақстан: 26.04.2016. [электронды нұсқа] - URL: <https://egemen.kz/article/ushtildilik-ne-ushin-kazhet> (20.11.2018 қаралды)

Р.Ф. Жусупова, А.Е. Ниязова, Б.С. Абдуова

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Формирование профессионально-ориентированной языковой идентичности в мультилингвальной среде

Аннотация. Одним из насущных вопросов современной образовательной системы является разработка новых теоретических подходов и передовых парадигм. Одной из проблем является также разработка и совершенствование способов использования принципов многоязычного образования при формировании языковой профессионально-ориентированной компетентности будущих специалистов. Ответом на данный вопрос является методическое моделирование нового типа профессиональной языковой личности. Передача языковых и речевых высказываний на родном русском или казахском и английском языках при быстром переходе с одного языкового кода на другой приведет к формированию мультилингвальной личности, владеющей языковыми лингвистическими культурными навыками.

Ключевые слова: язык, многоязычное образование, лингво-методическое моделирование, языковой код, профессиональная ориентация.

R.F. Zhusupova, A.E. Niyazova, B.S. Abduova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Formation of Professionally Oriented Linguistic Identity in a Multilingual Environment

Abstract. One of the pressing issues of the modern educational system is the development of new theoretical approaches and advanced paradigms. One of the important problems is the development and improvement of principles of multilingual education in training future professionals who are professionally competent in different languages. For this purpose there is a linguistic methodological modeling of a new type of a professionally linguistic personality. The transfer of language and speech achievements in the native Russian or Kazakh and English languages with the escape from one language code into another will lead to the formation of a linguistic personality who possesses different languages skills.

Keywords: language, multilingual education, linguistic-methodical modeling, language code, vocational orientation.

References

- 1 Obratsov P.I., Ivanova O.YU. Professional'no-oriyentirovannoye obucheniye inostrannomu yazyku na neyazykovykh fakul'tetakh: uchebnoye posobiye [Professionally-oriented foreign language teaching in non-language faculties: study guide]. (Moscow, 2005, 114 p.). [in Russian]
- 2 Chmel V.V. Teaching professionally oriented reading at technical universities, Вісник, (6), 96-99, (2015). [in English]
- 3 Yeremeyeva G.R., Baranova A.R., Mefod'yeva M.A. Professional'no - oriyentirovannoye obucheniye angliyskomu yazyku studentov neyazykovykh spetsial'nostey [Professionally-oriented English language teaching for students of non-linguistic specialties], Kazanskiy pedagogicheskiy zhurnal [Kazan Pedagogical Journal], (2), 339-342 (2016). [in Russian]
- 4 Choudhary Z.J. English for specific purposes: role of learners, teachers and teaching methodologies, European Scientific Journal, (20), P. 17-30 (2016). [in English]
- 5 Hutchinson T., Waters A. English for specific purposes: a learning centered approach, (Cambridge, 1991, 183 p.).
- 6 Baskurtmen H. Ideas and options in English for specific purposes, (London, 2006, 175 p.).

- 7 Kunanbayeva S.S. Strategicheskkiye oriyentiry vysshego inoyazychnogo obrazovaniya [Strategic orientations of higher foreign language education]. (Almaty, 2015, 208 p.). [in Russian]
- 8 Kunanbayeva S.S. Kompetentnostnoye modelirovaniye professional'nogo inoyazychnogo obrazovaniya [Competency modeling of professional foreign language education]. (Almaty, 2014, 214 p.). [in Russian]
- 9 Kulibayeva D.N. Metodika formirovaniya mezhdunarodno-normal'nykh urovney vladeniya inostrannym yazykom v usloviyakh shkol mezhdunarodnogo tipa [Methods of formation of international standard levels of proficiency in a foreign language in the conditions of international schools]. (Almaty, 2002, 27 p.). [in Russian]
- 10 Zhetpisbayeva B. A. Pedagogicheskkiye indikatory poliyazychnogo obrazovaniya [Pedagogical indicators of multilingual education]. (Karaganda, 2011, 187 p.). [in Russian]
11. Qasym Nazar. Ústildilik ne úshin qajet? (Egemen Qazaqstan: 26. 04. 2016) Available at: <https://egemen.kz/article/ushtildilik-ne-ushin-kazhet> (Accessed: 20.11.2018). [In Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Ниязова А.Е. – п.ғ.к., доцент. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Қ.Мұңайтпасов көшесі, 11. Астана, Қазақстан.

Жусупова Р.Ф. - п.ғ.к., доцент. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Қ.Мұңайтпасов көшесі, 11. Астана, Қазақстан.

Абдуова Б.С. – ф.ғ.к., профессор м.а. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Қ.Мұңайтпасов көшесі, 11. Астана, Қазақстан.

Niyazova A.E. - C.Ped. Sc., Assoc. Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, K. Munaitpassov str., 11, Astana, Kazakhstan.

Zhussupova R.F. – C.Ped. Sc., Assoc. Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, K. Munaitpassov str., 11, Astana, Kazakhstan.

Abduova B.S. - C.Ph. Sc., Assoc. Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, K. Munaitpassov str., 11, Astana, Kazakhstan.